

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 қарашадағы N 447 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 31, 377-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1 - тармақтың 3) тармақшасында:

"министрліктердің, агенттіктер мен ведомстволардың штат санын" деген сөздер "министрліктер мен агенттіктердің штат саны лимиттерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Орталық атқарушы органдардың басшылары ведомстволардың штат санындағы өзгерістерді Мемлекет басшысымен не оның уәкілеттік беруімен Республиканың Президенті Әкімшілігімен келіссін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті